

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ**

11 мамыр 2021 ж.

№: AIFC-C/CFI/2021/0003 ic

**(1) BIZONE KAZAKHSTAN LTD
(2) «TRANSTECHNOOIL-A» ЖШС**

Талап қоюшылар

ШЕШІМ

Соттың Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

Сот АХҚО-ның «Компаниялар туралы» регламентінің 124-бөліміне сәйкес Екінші Талап қоюшыны 2021 жылғы 25 наурыздағы шешімдерге сәйкес Бірінші Талап қоюшымен біріктіру процедурасын бекітеді.

ШЕШІМ

1. Сотқа 2021 жылы 29 сәуірде берілген және 2021 жылғы 6 мамырда электронды пошта арқылы түсіндірілген арызда Талапкерлер ұсынылып отырған Екінші Талап қоюшыны Бірінші Талап қоюшымен біріктіру процедурасын бекітетін АХҚО «Компаниялар туралы» регламентінің 124-бөліміне сәйкес бұйрық сұрайды.
2. Бірінші Талап қоюшы, BiZone Kazakhstan Ltd, «Астана» халықаралық қаржы орталығында тіркелген жеке компания болып табылады.
3. Бірінші Талап қоюшының жалғыз акционері - Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес тіркелген «BiZone» ЖШҚ жеке компаниясы.
4. Екінші Талап қоюшы, «TransTechnoOil -А» ЖШС, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Бірінші талап қоюшы Екінші Талап қоюдың жалғыз қатысушысы болып табылады.
5. Ұсынылып отырған процедураның мәнісі «Серіктестіктің барлық мүлкін, [оның] барлық кредит берушілері мен борышкерлеріне қатысты қаржылық және басқа да құқықтары мен міндеттемелерін, Әріптестік және / немесе үшінші тараптар даулап отырған барлық міндеттемелерді қоса, Екінші Талап қоюшының Бірінші Талап қоюшыға табыстауы, ал Бірінші Талап қоюшы қабылдауында, сонда Бірінші Талап қоюшы Екінші Талап қоюшының мұрагері болып, ал Екінші Талап қоюшы жойылатынында болып табылады. Процедура Бірінші Талап қоюшының жалғыз акционері ретінде «BiZone» ЖШҚ-мен 2021 жылғы 25 наурыздағы шешіммен келісілді. Ол сонымен қатар Екінші Талап қоюшының жалғыз қатысушысы ретінде Бірінші Талап қоюшымен 2021 жылғы 25 наурыздағы бөлек шешіммен келісілді.
6. 124-бөлім, сонымен қатар, Қоғам мен оның Акционерлері немесе оның Акционерлерінің тобы арасында ұсынылған жағдайда, қолданылады. Бірінші Талап қоюшы бөлімнің мәні бойынша «Компания» болып табылады және ұсынылып отырған процедура оның жалғыз акционері ретінде «BiZone» ЖШҚ-ның қатысуын көздейді. 124 (2) бөлім Соттың акционерлер жиналысын өткізу туралы өкім етуіне өкілеттік бергенімен, бұл жағдайда мұндай бұйрық талап етілмейді, өйткені жалғыз акционер ұсынылған процедураны мақұлдап қойған. Егер акционерлер жиналысына қатысушы және дауыс берушілердің төрттен үші болып табылатын көпшілік осындай процедурамен келіссе, 124 (3) -бөлім Сотқа процедураны санкциялауға өкілеттік береді. Бұл шекке қол жеткені айқын.
7. Ұсынылып отырған процедураға қарсылық білдіру үшін айқын негіздер жоқ. Бұлай болмаған жағдайда мүдделерін ескеру қажет болатын басқа акционерлер жоқ. Екінші Талап қоюшының

кредит берушілері жоқ деп мәлімделді, ұсыныс туралы хабарлама орналастырылды және ұсынылып отырған процедура кез-келген жағдайда Екінші Талап қоюшының міндеттемелерін Бірінші Талап қоюшыға беруді қарастырады.

8. Осы мән-жайларда Сот процедураны бекіту туралы бұйрық шығару үшін 124 (3) бөлімге сәйкес өз өкілеттіктерін пайдалануы керек екеніне мен сенімдімін.

Сот қабылдады,